

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Саяси ғылымдар.
Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы, № 2 (127)/2019, б. 53-60
http://bulpolit.enu.kz/; E-mail: vest_polit@enu.kz

XҒТАР 11.01.61

М.Ө. Насимов

Қызылорда «Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан
(E-mail: nasimov_m@mail.ru)

Ұлттық сана және оның негізгі түсініктері

Аңдатпа. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында ХХІ ғасырдағы ұлттық сана талданады. Мақалада сананың үш ерекшелігі айқындалған: дүйім дүниеде не болып жатқанын түсіну, жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу, өзгелердің тәжірибесін алып, өзге халықтар мен елдердің озық жетістіктерін бойға сіңіру.

Мақалада ұлттық сана және оның негізгі түсініктеріне ерекше мән беріледі. Берілген зерттеу жұмысы ұлттық сана ұғымын теориялық тұрғыдан түсінудің өзектілігі мен маңыздылығын дәйектейді. Ұлттық сананың қалыптасуы және дамуының кейбір теориялық мәселелері ұсынылды. Ұлттық сана мәселесі бойынша отандық, шетелдік ғалымдардың көзқарастары, кейбір тұжырымдамалық идеялары қарастырылады және талданады. Ұлттық сананың қоғамның әлеуметтік, саяси және экономикалық өміріндегі рөлі айқындалды.

Түйін сөздер: ұлттық сана, ұлт, халық, қоғам, құндылықтар.

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2019-127-2-53-60>

Кіріспе. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [1] атты бағдарламалық мақаласында ХХІ ғасырдағы ұлттық сана туралы айтқандығын баршамыз білеміз. Елбасының пайымдауынша: «... рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Мемлекет басшысы ұлттық жаңғырудың өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіретіндігін айта келе, оның екі қыры туралы айтады: «Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту».

Бағдарламалық мақалада Елбасы ұлттық сана ұғымымен қатар, ұлттық бірігейлік, ұлттық код, ұлттық мәдениет, ұлттық салт-дәстүрлер, ұлттық прагматизм, ұлттық даму, ұлттық болмыс, ұлттық рух, ұлттық құндылықтар және ұлттық мақтаныш сынды түсініктерді пайдаланады. Айтылған түсініктердің әрқайсысының қоғамда алатын өзіндік орны бар. Сондықтан ұлттық сана аясындағы осы түсініктерді жеке қараған дұрыс деген ойдамыз. Біз бұл зерттеу жұмысында бағдарламалық мақала шеңберіндегі ұлттық сана ұғымының ғылымда қалыптасқан тұжырымдамаларын талдауға ұмтыламыз. Сонымен қатар, ұлттық сана ұғымын айқындау арқылы кейбір туындап отырған мәселелерді де түсінеміз.

Мәселенің тұжырымы. Ұлттық сана халықтың рухани дамуының мазмұны, деңгейі мен ерекшеліктерін сипаттайтын әлеуметтік, саяси, экономикалық, философиялық, діни, адамгершілік көзқарастардың жиынтығы болып табылады. Ғылыми әдебиеттерде сана бірін-бірі толықтыратын және диалектикалық тұрғыдан өзара байланысты күрделі екі негізгі құрамдастан тұрады: күнделікті сана және теориялық сана. Осы құрамдастарға сәйкес ғылыми түсініктерде қалыптасқан тұжырымдамалар бойынша күнделікті ұлттық сана ұлттың сипаттамалық белгілерімен тығыз байланысты және тұрмыстық көрінісі басымырақ белгілерін айтуымызға болады. Теориялық ұлттық сана болса, ұлттың күнделікті өмірлік көзқарастары, көңіл-күйі мен қажеттіліктерін жүйелендіру мен жиынтықтаудың нәтижесі болып табылатын ұлттың идеологиясын айқындайды.

Зерттеудің мақсаты. Зерттеу жұмысының мақсаты Елбасының бағдарламалық мақаласы шеңберінде ұлттық сана ұғымын теориялық тұрғыдан түсінудің өзектілігі мен маңыздылығын анықтау болып табылады.

Зерттеудің тарихы. Ұлттық сана ұғымының кейбір белгілері Ежелгі дүниеден бастап көріне бастаған. Антика дәуірі ойшылдарының еңбектерінде ұлттық сана ұғымы нақты айтылмаса да, мазмұны жағынан мағыналас түсініктер қолданылды. Сол кезеңдерде ежелгі гректерге, кейін римдіктер үшін жат жұрттық болған варварларды өз мәдениетінен аулақ ұстауы ұлттық санадағы бөліністің бір көрінісі деуімізге болады. Кейін неміс классикалық философиясының негізін салушы И. Кант өз еңбектерінде ұлт сипаттамасының тарихи болмысы мен табиғатына мән берді. Француз философы Ш.Л. Монтескье өзінің «Заңдар рухы туралы» атты еңбегінде ұлттық сананың өзгермейтіндігін дәйектеп, ұғымды ұлттық рух түсінігімен байланыстырды. Неміс классикалық философиясының өкілі Г. Гегель ұлттық сана ұғымын идеалистік тұрғыда қарастырды. Оның ілімдері халықтық рух тұжырымдамаларының қалыптасуына ықпал жасады. Қорқыт, Ж. Баласағұни, Қ.А. Ясауи, М. Қашғари секілді т.б. ортағасырлық ойшылдардың шығармашылық мұралары ұлттық санамыздың қалыптасуының алғы-шарты бола білді. Асанқайғы ұсынған «Жерұйық» түсінігі ұлттың этникалық бірлігі мен бірігуінің көрінісі деп есептейміз. Кейінгі қазақ интеллигенциясының шығармашылық жұмыстары да ұлттық сананы өркендетуге өз септігін берді. М. Дулатовтың «Оян, қазақ!» еңбегінің өзі қазақ халқының ұлттық санасын сілкітті. Бүгінгі таңда ұлттық сана ұғымын ғылыми тұрғыдан сараптау отандық ғалымдар арасында кеңінен тарап отыр.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының эмпирикалық деректерін мәселеге арналған теориялық-тәжірибелік еңбектер құрайды. Зерттеу жұмысы барысындағы нәтижелерді алу үшін Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, отандық, алыс және жақын шетел ғалымдарының зерттеулерлерінің теориялық әдебиеттерін пайдалану негізінде мүмкін болды. 1) Салыстырмалы талдау зерттеліп отырған ұғымның мағынасы мен ерекшеліктерін дәйектеуге көмектесті. 2) Зерттеудің тарихи талдау әдісі ұғымның қалыптасу генезисін анықтауға септігін тигізді. 3) Жүйелік талдаудың әдісі зерттеу пәнінің толық түсініктемесін алуға мүмкіндік берді. 4) Құрылымдық талдау әдісі ұлттық сананың заманауи ахуалын айқындауға ықпал жасады. Зерттеу жұмысында бірнеше ғалымдардың ұғымға қатысты теориялық тұжырымдамалары ескерілді.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Ұғымның мәні мен негізгі түсініктерін талдау барысында посткеңестік кеңестік елдерінің және отандық ғалымдар «National consciousness» деп ағылшын тілінде аударып жүрген түсінікті мүлдем қолданбайтындығы анықталды. Шетелдік ғалымдар ұлттық сана ұғымын зерттеу барысында «National identity», яғни біздің зерттеушілердің «Ұлттық бірегейлік» терминін қолданатындығы байқалып отыр. Шет елдік зерттеушілер мен отандық ғалымдар бір ұғымды жан-жақты қарастыруы оның түсініктік аппаратының әлі толық қалыптаспағандығын көрсетеді. Сонымен қатар, шетелдік ғылыми журналдарда ұлттық бірегейлік пен ұлттық сана [2; 3; 4] ұғымын бірге пайдаланған еңбектер де бар.

М.А. Мажумдардың «Postcoloniality: The French Dimension» [5, 127-146 б.] атты еңбегінің алтыншы бөлімі «Ұлттық сана: тарих және мәдениет» тақырыбына арналған. Бұл еңбегінде ғалым ұлттық сананы ұжымның болашағы үшін жасалған адамдардың бірлесуі деп анықтайды. Ұлттық қозғалыстардың жетістігі тұрғындар арасындағы ұлттық сананы ояту қабілетімен байланысты екендігіне назар аударады. Этникалық және аймақтық әртүрлілік ұлттық сана мен бірегейлікке тосқауыл бола алмайтындығын дәйектейді.

«One Country, Two Systems» атты академиялық журналдың ағылшын тіліндегі баспасының IV бөлімінде Х. Даюань ұлттық санаға мынадай анықтама береді: «... бұл белгілі бір елге қатысы бар адамдардың саяси қауымдастықтағы құндылықтық консенсус үшін когнитивті мәртебе мен психикалық ахуалын іске асыратын бірегейлік пен таным»

[6, 1 б.]. Ғалымның пайымдауынша, заң ғылымдарының ізденісінде құқықтық ойлау ұлттық сананы жүзеге асыруы тиіс. Зерттеу жұмысында ол Конституциядағы құқықтық нормалар ұлттық сананы растап көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеуші Конституция және Негізгі заңдар бойынша білім беру ұлттық сананы қалыптастыру процесінде маңызды рөл атқаратындығын дәйектейді.

Біз Г. Ахмедовтың түсінікке байланысты берген пікірімен келісеміз: «Ұлттық қауымдастықтар өздеріне тән ұлттық сананың мазмұнын тудырады. Демек, Жерде қанша ұлт болса, сонша ұлттық сана қызмет атқарады. Кез келген ұлт ұлттық санаға ие, демек барлық ұлт ойланады. Ұлт ойланатындықтан ол барлық салалардағы, оның ішінде рухани саланың дамуын анықтайды: ойлар тудырады, олардың шығуы мен таралуын реттейді. Ұлттық сананың ерекшелігіне оның құрылымын құрайтын жеке компоненттер бар. Олар өмірдің ұлттық шарттарын, ұлттық мүдделері мен қатынастарын көрсетіп, оның мазмұнын айқындайды. Сананың өзегіне ұлттың дербес ұлттық-тарихи шығармашылыққа қабілеттілігі сенімін қолдайтын, өз ұлттық және мемлекеттік егемендігін түсінетін ұлттық өзіндік сана жатады» [7, 134-135 б.] .

Ұлттық сана, құндылықты қайта бағдарлау мен бірігейлікті интеграциялық-гуманитарлық әдіс арқылы зерттеген еңбекте Г.О. Озумба [8] құндылықтардың үдемелілігіне қарсы жүйе туралы баяндайды. Жақсылықты жамандық, ал жамандықты жақсылық құндылықтарымен алмастырған жүйе жан түршігерлік қоғам деп атап көрсетеді. Бұл қоғамға мынадай сапалық белгілер тән екендігін дәйектейді:

- (1) қалай болса да байлықты иелену;
- (2) соңғы нәтиже шығынды ақтайды;
- (3) ұрлау (жымқыру) және бұл әрекет барысында ұсталмау;
- (4) кінәні өзара келісіп мойындау;
- (5) кедейлерге қысым жасау;
- (6) ұрлау (жымқыру) үшін өз дәрежесін пайдалану;
- (7) адамгершіліктің жоқтығы, жалаңаштық, өтірік, алдау, өлтіру, зорлық-зомбылық - құрметті қағидалар;
- (8) билікке бейімділік, «үшінші термизм» және билікке құмарлық – әлеуметтік, моральдық, діни, саяси кінәраттар олардың қадір-қасиетіне сәйкес дәрежеленген [8, 149 б.] .

А. Редкина ұғымға мынадай анықтама береді: «... бұл ұлттың, жеке адам, топтар немесе адамдар қауымдастығының негізгі ерекшеліктері болып табылатын және рационалдылық пен иррационалдылықтан туындайтын күрделі, әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Ұлттық сананың негізгі құрамдастарына жатады: тарихи жадымен бірлескен ұлттық бірегейлік, тіл мен мәдениетке адалдық, аумақтық тұтастыққа берілгендік, патриотизм, ұлттық психология» [9, 21 б.] .

Өткен ғасырдың ортасына таман Кеңестік қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарда ұлттық сана ұғымын зерттеу бойынша ғылыми жұмыстар саны арта бастады. Осы кезеңдер арасында ұлттық сана ұғымына қатысты алғашқылардың бірі болып этнограф П.И. Кушнердің (Киншев) [10] еңбегі жарияланды. Ғалым бұл еңбегінде ұлттық сана ұғымын ұлттық өзіндік сана түсінігі арқылы қарастырады.

В.Г. Бабаков пен В.М. Семеновтың [11] бірлескен еңбегінде ұлттық сана белгілі бір әлеуметтік-этникалық субъектінің рухани әлемін білдіретіндігін атап көрсетеді. Авторлар ұлттық сананы идеялар, көзқарастар, сезімдер, салт-дәстүрлер мен өнегелік құндылықтарды өндіру, тарату, алмасу және тұтынумен байланыстырады. Ғалымдар ұғымды талдай келе мынадай пікір ұстанады: «Ұлттық сана қоршаған кеңістік пен уақыт үздіксіздігі туралы көзқарастар, идеялар, ілімдер, теориялар кешенін құрайды; ұлттық сана құрылымына этно-әлеуметтік, саяси-мемлекеттік және рухани үрдістер, нақты ұлттардың даму басымдықтары мен олардың адамзаттың полиұлттық және полиэтникалық құрылымындағы өзін-өзі

танытуы енеді. Ұлттық санада этно-әлеуметтік ұжым дербес өкілдерінің немесе олардың жиынтығының ерекшеліктері, осы этно-әлеуметтік ағзаның дамуындағы жалпыәлеуметтік, әлеуметтанулық факторлары, ішкі және сыртқы өзара қатынастарының синтезі жаңғыртылады» [11, 25-26 б.].

Д.В. Олышанский саяси психологияны талдаған еңбегінде қоғамдық өмірдің саяси саласындағы мәселесіне мән береді: «Теориялық ұлттық сана әлеуметтік-саяси ұстанымдарда жүзеге асатын бұқаралық күнделікті ұлттық сананың таңдамалы элементтерін шынайы, ғылыми тұрғыдан дайындау, нақты әлеуметтік және саяси бағдарларын жиынтықтауды қамтиды. Бұл ұлттық-этникалық топтың идеологиясы көбінесе өткен тарихтың жағымды бағасын, ұлттың дамуындағы мақсаттардың бүгінгі ахуалы мен жиынтығы, бүкіл қауымдастық деңгейінде табысқа жету бағдарламаларын қосады...» [12, 302 б.].

Ресейлік ғалым Д.В. Полежаев өз еңбегінде ұлттық сананы этникалық сананың барлық сипаттарын көрсететін түрлерінің бірі ретінде қарастырады. Зерттеуші ұлттық сананы қоғам өміріндегі ұлттық белгілердің өзара байланысы мен дамуының барлық кешенін көрсететін жүйе деп бағалап, оның ұлт дамуының заңдылықтары мен үрдістерін бекітетіндігін айтады [13, 52-53 б.] .

Саяси ғылымдарының докторы А.Г. Задохиннің пікірінше, халықтар арасындағы қатынастар қоғам, халық, этностың санасын қалыптастыру мен дамытуда, ұжымдық қауіпсіздікті сақтауда белсенді орын алады. Ғалым өзге халықтармен қатынастар арқылы ұлттық ерекшеліктер мен біртумалылық сезілетіндігін атай келе, осы қатынастардың дамуы үрдісінде қоғамның ұлттық санасы қалыптасатындығын дәйектейді [14, 20 б.].

И.Д. Тарба өзінің докторлық диссертациясында ұлттық сана индивидтердің белгілі бір ұлттың әлеуметтік-экономикалық және саяси қауымдастығына қатыстылығын сезінуге негізделгендігін дәлелдейді. Сананың осы түрі құрылымында келесі элементтерді бөліп көрсетеді: «Ұлттық сәйкестендіру өз қауымдастығына тән келбет, оның ерекшеліктері, өз халқының тарихи өткенінің, мекендеген территориясының тұтастығы туралы көзқарастар; ұлттың материалды және рухани құндылықтарына, олардың жетістіктері мен бағдарларына байыпты қатынас» [15, 24 б.].

Отандық ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында да ұлттық сана ұғымы жан-жақты қарастырылады. Мәселен, Б.И. Карипбаева мен Ғ.Ә. Жұмасұлтанова [16] өз зерттеу жұмыстарында жаһандану үрдістері, Қазақстан қоғамының өзгерістері мен жаңғыруына сәйкес ұлттық сана, ұлттық бірігейлік түсініктеріне талдау жасайды. Сонымен бірге, заманауи шарттардағы өзгерістерге сәйкес Қазақстандағы ұлттың сананың дамуы зерттеледі.

Ж.Т. Ермекова болса, өз зерттеу жұмысында көпмәдениетті сананы қалыптастыруға ұлттық сана ғана ықпал етіп қана қоймай, интеллектуалды деңгей, тұлғаның тілдік / коммуникативтік жалпы ой-өрісі, энциклопедиялық білімі, жеке тәжірибесімен байланысы әсер ету ықтималдығын негіздейді [17, 82 б.].

Философия ғылымдарының кандидаты Ж. Ошақбаеваның зерттеуінде ұлттық сананың негізгі белгісі ретінде аталады «... әр ұлттың өзін-өзі танып білуі, өзін өзге ұлттардан айыра білуі, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді іске асыру үшін күресу, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді бүкіл адамзаттың мақсаттары мен мүдделеріне ұштастыра білу». Сонымен қатар, ұлттық сананың негізін «тарихи таным, тарихи сана-сезім» [18, 77 б.] деп атап көрсетеді.

Дәстүр мәселесін философиялық тұрғыдан бағамдауға арналған еңбекте С. Рахимжанова жеке адам мен тұлғаның, ұлт пен ұлыстың, қоғаммен мемлекеттің, жалпы, адамзат дамуындағы дәстүрдің рөлі мен маңызы философиялық тұрғыдан жан-жақты ашып көрсетіледі. Ғалым мынадай пікірді ұстанған [19, 79 б.]: «Өз ұлтының тереңде жатқан рухани тамырын, салт-дәстүрін, тіл мәдениетін сақтамау және жалғастырмау – ұлттық сананың өшкіндеуін туғызып, дәстүрден ажырап, мәдениетте құлдырауға, этикалық

тұрғыда азғындауға апарды. Ұлттық құндылықтар тарихына енжар қарау міндетті түрде орны толмас адасуға соқтырады. Ежелден қазақ баласы үшін мағынасы тұңғық, мәні ғибратқа толы дәстүрлері – қазақ халқының өмір сүру болмысынан туындаған рухани құндылық». Ғалым дәстүр адами болмысты сақтауға және ұлттық сананың кемелденуіне жол ашатындығын дәйектейді.

Н. Пұсырманов пен И. Рыстинаның ұлттық идеологияның ұлттық сана ауқымындағы қоғамды топтастыру үшін қолданылып жүрген және жақын болашаққа арналған моделін анықтауға арналған зерттеуінде мынадай қорытындыға келеді: «Қазіргі қоғамдық пікірде ұлттық сана өз басымдығын жеке жоспарда ұтымды шешкен. Соған қарамастан кейінгі ұлттық жобалар этно-ұлттық жоспар сипатымен жасақталған, бұл дегеніміз – мемлекет құраушы қазақ этносына тікелей қатысты «этно-ұлтшылдық» сценарийін баламалы идеология ретінде қолданыла бастауымен түсіндіруге жатады» [20, 14 б.].

Қорытынды. Зерттеу жұмысы көрсетіп тұрғандай, әр халықтың тұрмыстық деңгейінде өзіндік мінез-құлық пен әрекеттер арасында ерекшеліктер болады. Бұл ерекшеліктердің барлығы қоғамның әрбір саласын дамытатын ұлттық сана қоғамдық құбылысымен тығыз байланысты. Ұлттық сананың қоғам құндылықтарға сай қызметі оның әлеуметтік, саяси, экономикалық өмірінің дамуына әсер етеді.

Ұлттық сана ұғымы туралы қоғам мүшелерінің түсінігін де білу маңызды. Ұлтшылдық сезіміне қарағанда, ұлтжандылық қасиеттердің адам бойында қалыптасуы қоғам үшін маңызды деп ойлаймыз. Сонымен бірге, ел азаматтарының өз ұлтына деген көзқарасы, өз еліне қатысты мақтаныш сезімдерінің көрсеткіші, халықаралық аренадағы мемлекеттің орнына қанағаттануы халықтың ұлттық санасына әсер етеді. Қоғамның бұл жетістіктері халықтың еңбегі нәтижелерінен туындайтындығын да ескеруіміз қажет. Әрбір азамат қазіргі қалыптасып жатқан ахуалдар ертеңгі тарихи дерек болатынын ұмытпағанын дұрыс көреміз.

Өзге ұлт өкілдерінің басқа ұлттардың тілі, мәдениеті және ұлттық жетістіктеріне көзқарастары мен құрметі де ұлттық санаға ықпал етеді. Кез келген ұлт өкілдерінің басқа халықтың ұлттық дәстүрлері, тілі секілді өзге де құндылықтарды сыйлау мәдениетін қалыптастыру қажет. Осы жағымды ұлттық қатынастар ел тұрақтылығын сақтауға, халықтар арасындағы алауыздықтың орын алмауына септігін тигізеді. Демек, өз ұлттық құндылықтарын қастерлеу арқылы біз өзгенің де ұлттық дәстүрлерін құрметтеуіміз қажет.

Байқап отырғанымыздай, ұлттық сана әрбір адамның әлеуметтік белсенділігіне ықпал жасайды. Қазіргі таңдағы экономикалық қиыншылықтар, қоғамның әлеуметтік жіктелуіндегі өзгерістер мен рухани құндылықтардың құлдырауы ұлттық сананың да өзгерісіне әкеледі. Бұл ахуал адамның тұлғалық дүниетанымына әсер етуімен қатар, олардың мінез-құлқында көрініс табады. Бұл тұста елімізде жүзеге асып жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы жобалар ұлтымыздың бұл ахуалдан мүдірмей шығуына мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, заманауи қоғамдағы ұлттық сана рөлінің өсуіне байланысты алдағы уақытта оның қалыптасуы мен дамуын зерттеу маңызды міндеті тұр. Зерттеу жұмыстарын мәселеге қатысты рухани-адамгершілік, патриоттық түсініктерімен байланыстырып жасау орынды деп санаймыз. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберіндегі мәселелерді талдаумен қатар, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясында айқындалған мызғымас жеті тұғырының ішіндегі «Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім», «Зайырлы Мемлекет және Жоғары Руханият» және «Тарихтың, Мәдениет пен Тілдің ортақтығы» көлеміндегі сараптамалар арқылы отандық ғылымдарда ұлттық сана ұғымына байланысты түсініктерді толықтыра аламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. - 2017. – 12 сәуір.
2. Tevzadze N. National identity and national consciousness // History of European Ideas. 1994. - Volume 19. – Issue 1-3. – P. 437-440. doi: 10.1016/0191-6599(94)90245-3.
3. Komba Willy L.M. National consciousness and identity in Tanzania: Factors influencing its development and sustainability // African Educational Research Journal. – 2013. – Volume 1 (2). - P. 118-125.
4. Mavratsas C.V. National Identity and Consciousness in Everyday Life: Towards a Sociology of Knowledge of Greek-Cypriot Nationalism // Nations and Nationalism. – 1999. – Volume 5. – Issue 1. – P. 91-104. doi: 10.1111/j.1354-5078.1999.00091.x.
5. Majumdar M.A. Postcoloniality: The French Dimension. -Brooklyn, NY, Berghahn Books, 2007. – 336 p. doi: 10.2307/j.ctt1c0gkvv.
6. Dayuan H. On «National Consciousness» of the Basic Laws of the Special Administrative Regions // One Country, Two Systems. – Volume IV. – P. 1-8.
7. Akhmedov G. Civil Nation in the Context of National Consciousness: the Republic of Uzbekistan // Central Asia and the Caucasus. – 2009. - №1 (55). – P. 134-140.
8. Ozumba G.O. National Consciousness, Value Reorientation and Identity: An Integrative Humanist Approach // Journal of Integrative Humanism. – 2014. - Volume 3 (2). – P. 147-155.
9. Redkina A. Interdisciplinary approach to the study of national consciousness phenomenon // International Letters of Social and Humanistic Sciences. - 2016. - №69. – P. 19-24. doi: 10.18052/www.scipress.com/ILSHS.69.19.
10. Кушнер (Киншев) П.И. Национальное самосознание как этнический определитель // Краткие сообщения Института этнографии АН СССР. - 1949. – Выпуск 8. - С. 3-9.
11. Бабаков В.Г., Семенов В.М. Национальное сознание и национальная культура (методологические проблемы). - М.: ИФ РАН, 1996. - 70 с.
12. Ольшанский Д.В. Основы политической психологии. - Екатеринбург.: Деловая книга, 2001. – 496 с.
13. Полежаев Д.В. Национальное сознание: ментальное осмысление феномена // Философия социальных коммуникаций. – 2011. - №1 (14). – С. 52-57.
14. Задохин А.Г. Национальная безопасность: идеология или национальное сознание // Геополитический журнал. – 2015. - №3 (10). – С. 18-25.
15. Тарба И.Д. Социально-философский анализ формирования этно-национального сознания и самосознания (на материалах истории и культуры абхазского этноса). – Диссертация на соискание ученой степени доктора философских наук: «09.00.03 – История философии»; «09.00.11 – Социальная философия». – Сухум, 2016. – 361 с.
16. Karipbayev B.I., Zhumasultanova G.A. Searches of identity in the context of transformations of national consciousness // Herald of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Humanities Series. – 2017. - №1 (116). – Part 2. - P. 129-134.
17. Ермекова Ж.Т. Поликультурный аспект образного языка транслингвальной творческой личности // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия гуманитарных наук. – 2017. - №3 (118). – Часть 1. - С. 78-83.
18. Ошакбаева Ж. Ұлттық өзіндік сананың қалыптасу үдерісіндегі тіл факторы // Әл-Фараби. – 2018. - №2 (62). – 74-86 бб.
19. Рақимжанова С. Дәстүр мәселесін философиялық бағамдау // Адам әлемі. – 2018. - №2 (76). – 75-83 бб.
20. Пұсырманов М., Рыстина И. Ұлттық сана – этно-ұлттық национализация немесе азаматтық-ұлттық гегемонизация? // Адам әлемі. – 2018. - №4 (78). – 7-18 бб.

М.О. Насимов

Кызылординский университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан

Национальное сознание и ее основные понятия

Аннотация. В программной статье Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» анализируется национальное сознание XXI века. В статье определены три особенности сознания: понимание того, что происходит в большом мире, готовность к переменам, которые несет новый технологический уклад, способность перенимать чужой опыт и учиться у других людей и стран.

В данной статье особое внимание уделяется национальному сознанию и ее основным понятиям. Работа обосновывает актуальность и важность теоретического осмысления основных понятий национального сознания. Представлены некоторые теоретические проблемы становления и развития национального сознания. Рассматриваются и анализируются взгляды, некоторые концептуальные идеи отечественных и зарубежных ученых по проблеме национального сознания. Определена роль национального сознания в развитии социальной, политической и экономической жизни общества.

Ключевые слова: национальное сознание, нация, народ, общество, ценности.

M.O. Nassimov

Kyzylorda University Bolashak, Kyzylorda, Kazakhstan

National consciousness and its main concepts

Abstract. In program article President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev «Course towards the future: modernization of Kazakhstan's identity» analyzed on national identity in the 21st century. In article three main aspects consciousness are defined such as: understanding what's going on in the world, it means being open to the changes that the technological revolution brings, the ability to adopt and learn from the experience of other people and countries.

In this article special attention is paid to national consciousness and its basic concepts. This work substantiates the relevance and importance of theoretical understanding of the basic concept of national consciousness. Some theoretical problems of becoming and development of national consciousness are presented. Views, some conceptual ideas domestic, foreign scientists on a problem national consciousness are considered and analyzed. The role of national consciousness in development of social, political and economic life of society is defined.

Key words: national consciousness, nation, people, society, values.

References

1. Nazarbayev N.A. Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru [Course towards the future: modernization of Kazakhstan's identity], Egemen Kazakhstan [Independent Kazakhstan], **70**(29051), 1-2 (2017). [in Kazakh]
2. Tevzadze N. National identity and national consciousness, History of European Ideas, **19**(1-3), 437-440 (1994). doi: 10.1016/0191-6599(94)90245-3. [in English]
3. Komba Willy L.M. National consciousness and identity in Tanzania: Factors influencing its development and sustainability, African Educational Research Journal, **1**(2), 118-125 (2013). [in English]
4. Mavratsas C.V. National Identity and Consciousness in Everyday Life: Towards a Sociology of Knowledge of Greek-Cypriot Nationalism, Nations and Nationalism, **5**(1), 91-104 (1999). doi: 10.1111/j.1354-5078.1999.00091.x. [in English]
5. Majumdar M.A. Postcoloniality: The French Dimension (Berghahn Books, Brooklyn, NY, 2007). doi: 10.2307/j.ctt1c0gkvv.
6. Dayuan H. On «National Consciousness» of the Basic Laws of the Special Administrative Regions, One Country, Two Systems, **4**, 1-8. [in English]

7. Akhmedov G. Civil Nation in the Context of National Consciousness: the Republic of Uzbekistan, Central Asia and the Caucasus, **1(55)**, 134-140 (2009). [in English]
8. Ozumba G.O. National Consciousness, Value Reorientation and Identity: An Integrative Humanist Approach, *Journal of Integrative Humanism*, **3(2)**, 147-155 (2014). [in English]
9. Redkina A. Interdisciplinary approach to the study of national consciousness phenomenon, *International Letters of Social and Humanistic Sciences*, **69**, 19-24 (2016). doi: 10.18052/www.scipress.com/ILSHS.69.19. [in English]
10. Kushner (Kinshev) P.I. Nacional'noe samosoznanie kak jetnicheskij opredelitel' [National consciousness as an ethnic determinant], *Kratkie soobshhenija Instituta jetnografii AN SSSR* [Brief Communications of the Institute of Ethnography of the Academy of Sciences of the USSR], **8**, 3-9 (1949). [in Russian]
11. Babakov V.G., Semenov V.M. Nacional'noe soznanie i nacional'naja kul'tura (metodologicheskie problemy) [National consciousness and national culture (methodological problems)] (IF RAN, Moscow, 1996).
12. Ol'shanskij D.V. Osnovy politicheskoy psihologii [The basics of political psychology] (Delovaja kniga, Ekaterinburg, 2001.).
13. Polezhaev D.V. Nacional'noe soznanie: mental'noe osmyslenie fenomena [National consciousness: mental understanding of the phenomenon], *Filosofija social'nyh kommunikacii* [Philosophy of Social Communications], **1(14)**, 52-57 (2011). [in Russian]
14. Zadohin A.G. Nacional'naja bezopasnost': ideologija ili nacional'noe soznanie [National security: ideology or national consciousness], *Geopoliticheskij zhurnal* [Geopolitical Magazine], **3(10)**, 18-25 (2015). [in Russian]
15. Tarba I.D. Social'no-filosofskij analiz formirovaniya jetno-nacional'nogo soznaniya i samosoznaniya (na materialah istorii i kul'tury abkhazskogo jetnosa) [Socio-philosophical analysis of the formation of ethno-national consciousness and self-consciousness (on the materials of the history and culture of the Abkhaz ethnos)], dissertation for the degree of Doctor of Philosophy: 09.00.03 - History of Philosophy; 09.00.11 - Social Philosophy (Sukhum, 2016).
16. Karipbayev B.I., Zhumasultanova G.A. Searches of identity in the context of transformations of national consciousness, *Herald of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Humanities Series*, **1(116)**, part 2, 129-134 (2017). [in English]
17. Ermekova Zh.T. Polikul'turnyj aspekt obraznogo jazyka translingval'noj tvorcheskoj lichnosti [Multicultural Aspect of Translingual Literature], *Vestnik Evrazijskogo nacional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva, Serija gumanitarnyh nauk* [Herald of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Humanities Series], **3(118)**, part 1, 78-83 (2017). [in Russian]
18. Oshakbaeva Zh. Ul'tytk ozindik sananyn kalyptasu uderisindegi til factory [The language factor in the process of formation of national consciousness], *Al-Farabi* [Al-Farabi], **2(62)**, 74-86 (2018). [in Kazakh]
19. Rakimzhanova S. Dastur maselesin filosofijalyk bagamdau [Philosophical assessment of tradition], *Adam alemi* [Adam alemi], **2(76)**, 75-83 (2018). [in Kazakh]
20. Pusyrmanov M., Rystina I. Ul'tytk sana – jetno-ul'tytk nacionalizacija nemese azamattyk-ul'tytk gegemonizacija? [National consciousness – ethno-national of nationalization or citizenship-national «hegemonization»?], *Adam alemi* [Adam alemi], **4(78)**, 7-18 (2018). [in Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Насимов М.Ө. – саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қызылорда «Болашақ» университетінің профессоры, Абай даңғ., 31 А, Қызылорда, Қазақстан.

Nassimov M.O. - Candidate of Political Sciences, Associate Professor, Professor, Kyzylorda University Bolashak, Abay ave. 31 A, Kyzylorda, Kazakhstan.